



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«АДАМИ КАПИТАЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР
ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«HUMAN CAPITAL AS THE MAIN FACTOR OF ECONOMIC
DEVELOPMENT»**

Астана

20 қазан 2022

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

А 24

Рецензенты: профессор «Esil University», д.э.н. Галиева А.Х.
профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, д.э.н.
Шалболова У.Ж.

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Байжолова Р.А. – д.э.н., профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Исаева Б.К. – PhD., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

ISBN 978-601-337-744-5

«Адами капитал экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -330б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Человеческий капитал как основной фактор экономического развития». – Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -330с.

Works of the International scientific and practical conference «Human capital as the main factor of economic development». - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -330p.

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

ISBN 978 – 601 – 337 – 744 – 5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

экономикалық жүйенің қалыптасуын қамтамасыз ететін біртұтас кадрлық корпусты қалыптастыру көзі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Спектор М. Эффективность концентрации сельскохозяйственного производства // АПК: экономика, управление. - 2017. - №9. - С.68-77.
2. Спектор М. Эффект концентрации. - Астана: Фолиант, 2018. - 340 с.
3. Shaikin, D.N. Assessment and measurement of the variability of indicators of agricultural labor market of the Republic of Kazakhstan // Проблемы агрорынка. - 2018. - № 4. - РР.196-201.
4. Джусибалиева А.К. Рынок труда в аграрном секторе Казахстана // Проблемы агрорынка. - 2017. - №1. - С.143-147.
5. Сагадиев К.А. Человеческий капитал и факторы роста в Казахстане // Человеческий капитал в Казахстане: состояние и перспективы развития: матер. стажер научный. конф. – Астана, 2013. – 24с.
6. Есимжанова С.Р. Человеческий капитал в Казахстане: состояние и структура // Уровень жизни населения в российские регионы. – 2014. – № 1. – С. 48–56.
7. Экономическая активность населения Казахстана / Статистический сборник. –Астана, 2018–2021 гг.
8. <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5>
9. <https://stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/6>
10. <http://www.24.kz/ru/news/social/item/11563-v-kaz-snizilas-chislennost-selsk-naseleniya>.

ӘОЖ: 330.81 (574)

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Молдашов Нұртай Оразалыұлы

nomtonb1@mail.ru

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының доценті, э.ғ.к., Астана, Қазақстан

Досмағанбетов Нұрлан Серікұлы

dosmnurlan@yandex.ru

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының аға оқытушысы, магистр, Астана, Қазақстан

Бүгінгі таңда адами капитал адамның еңбекке қабілеттілігінен және білімінен көрініс табады. Әсіресе, бұл жерде еңбектің маңызы өте жоғары. Адам өзіне және отбасына лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету үшін еңбек етеді. Сондықтан да, еңбек адам өмірінде үлкен орын алады. Ол өмір сүру үшін қажет қаражат көзі, сонымен бірге адамның өзін-өзі дамытуының шарты болып

табылады. Оның нәтижелері арқылы адам мақсаттарын, тілектерін, үміттерін, армандарын жүзеге асырады.

Қажеттілікті қанағаттандыру үшін бірінші кезекте экономикалық мүдде қалыптастыра білу қажет. Адам қажеттілігін мүддеге айналдыра алмаса, мақсатына жете алмайды. Сол мақсаттардың бірі физиологиялық қажеттілігін қанағаттандыру. Ол үшін ұлы Абайдың сөзімен айтқанда: «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей».

Ұлы Абай адамдарды еңбекке, мал шаруашылығымен, егін шаруашылығымен, дәстүрді жалғастыра отырып нақты кәсіппен айналысуға және оларды білім мен ғылымға байланыстырып дамыту қажеттілігін айтады. Сонымен қатар, айналада болып жатқан өзгерістерді, жаңа қоғамда пайда болып жатқан нарықтық қатынастарды оң бағалап, қазақтарды өндірісте, фабрикалар мен зауыттарда жұмыс жасауға шақырады. Бұл туралы дана ағартушы «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» деген өлеңінде былай деп жазады:

«Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де - жел.
Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
Есек к...н жусаң да, мал тауып кел,
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас» [2, 145 б].

Дана ағартушы шығармаларында қазақтар өзінің кәсіби шеберлігі мен біліктілігін үнемі арттыру қажеттігін түсінуі қажет деп есептейді. Егер қазақтар өзін-өзі жетілдірмесе, жалқау болса, ол нашарлап, бәсекелестікке еңбек үрдісінде төтеп бере алмайтын әлсіз адамға айналады деп адамдарды ескертеді. Ал мұны адам істемесе, бұрынғы кәсіби шеберлігін қалпына келтіру үшін, оның пікірінше, адамнан бұрынғыдан гөрі көп күш, материалдық шығындар мен уақытты қажет етеді. Ол бұл туралы 43-ші қара сөзінде келесі сөздермен егжей-тегжейлі: «қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: «ал, мен жоғалдым» деп, хабар беріп жоғалады. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді» деп айтады [2, 278 б.].

Адами капитал мәселесі және адамның еңбекке деген қабілеті туралы ақын 33-ші қара сөзінде де айтып, еңбек ететін қолөнерші адам – құдай берген талантымен, оқып білім алу нәтижесінде біліктілігі мен шеберлігін жетілдіруді тоқтатса, олардың қандай салдары болатынын айтып мал керек болса, қолөнер үйрену қажет дейді. Абай: «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деп ескертеді. Осы Абайдың сөзіне тоқтам жасасақ: өнер бұл экономикада кәсіпкерлік емес пе? Біздің ел басқарып отырған азаматтар, келешекті, халықты ойласа осы сөзді тәбәрік қылып, өзіне мақсат етіп алмайды ма? Таусылытын, немесе шегіне жете

алмайтын, таза еңбекпен келмеген дүниеқоңыз байлық - дүниенің берекесі бола ма? Одан да билігің бар болса, халқыңа өнер үйрет, кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына көмегіңді тигіз, сонда, Абай өтірік айтпай, алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерші - қазақтың әулиесі екенін айтады. Бірақ, Тәңірі қолына аз да болса өнер берген қазақты менсінбеу, дүние шашу сияқты кеселдерге шалынбауды ескертеді.

Абай адами капитал мәселесіне ерекше назар аударады. Бұл жеке тұлғаны қалыптастыру құралы (еңбек арқылы білім жетеді, ақыл, ғылым және мәдениет дамиды). Оның терең сенімі бойынша, еңбек және кәсіп адами капиталды қалыптастырады және дамытады, сондықтан ақыл мен білім - бұл еңбектік адами капитал жемісі.

Абай мақсаты бар адам ұқыпты болатынын, ол (ұқыптылық) оның әлауқатының негізі болып табылатындығын және оның кәсібі әрқашан қоғамға пайдалы және парасатты еңбек болатындығын алға тартады: «Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кәніш болса керек. Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды hareket табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды hareket өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды hareketпен» [2, 210 б.] азайту керек екенін айтып, дана ағартушы өз жерлестеріне әуелі құдайға сыйынып, екіншіден өзінің қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр қалдырмайды деп кеңес береді. Қандай тамаша айтылған ой! Бүгінгі таңда бесте тұрып көше сыпырып, немесе басқа да ауыр «қара» жұмыс істеп жүрген адамдар арсыз ба? Жоқ соларға биіктен қарап, өзін жоғары санайтын адам арлы ма? Қандай да адал еңбекті бағаламау арсыздық, надандық. Сондай еңбекті бағаламай бірақ, соны пайдалану да арсыздық.

Енді атамыз Абайдың жұртқа әйгілі «Сегіз аяқ» өлеңінде экономикаға, тұрмыс тіршілік пен әлеуметтік жағдайларға байланысты жазған сөздеріне ой жүгіртіп көрейік. Ал кеттік:

«...Жан аямай кәсіп қыл.

Орынсыз ыржаң,

Болымсыз қылжың

Бола ма дәулет, нәсіп бұл?

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей» деген ойлары бүгінгі таңда өте маңызды.

Айталық, егемендігімізді алдық деп, жерімізді, Кеңес мемлекетінде қалыптасқан басқа да жер қойнауындағы байлықтарды, зауыт-фабрикаларды алдап-арбап, қолында билігі бар қулар жекелеп алды. Не болды? Бай мен кедей арпалысып, жауласып қазақ халқы бай мен кедей болып бөлініп шыға келді. Абай айтқан көпшілдік, аямай еткен адал еңбек қайда? Кешегі арам жолмен мал тапқан, байлардың бүгінгі ұрпақтары ақшаны аспанға шашып, қазақты қазақ

демей ел асып, «орынсыз ыржаң, болымсыз қылжаң» салып жүр. Оларға дәулет нәсіп болмайды. Оны ел көріп жүр, біліп жүр.

Әлқисса, қашан қуанып, қалай мал табу керек? Егіннің ебін таба алмай, жерімізді жат халықтар иеленіп барады. Құнарлы жерлеріміз шөлейтке, шөлейт жерлеріміз тастанды болып, ауылдан ел көшіп барады. Көшкенде жартысы қалаға, жартысы ел асып барады. Ал сауда ше? Сауданы үйрендік деп жүрміз. Үйренгеніміз қайда: тауардың бағасының қалыптасуын, оның құны мен өзіндік құнын түсінбейміз. Сөйтеміз да шет елден алып келген тауарлардың бағасын бірнеше рет көтеріп сатқымыз келеді. Кейін шет елдің тауарларын мақтап, жарнамалап өзіміздің отандық бірлі-жарым тауарға мұрнымызды шүйіріп, бұл Қазақстанның тауары, шет елдің тауарын ал дейміз. Осы ма, біздің сауданы үйренгеніміз?! Адам болып мал тауып жүргеніміз осы ма? Қазақ болып, дос болғанымыз осы ма? Өзіміз сауда қылып алдап, сатып алғанда алданып жүрміз. Шет елге ақшамызды шығарып (статистикалық кейбір деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда заңсыз жолмен елден 180-185 млрд. АҚШ доллары шет елге шығарылыпты. Бұл Қазақстан Республикасының бір жылдық жалпы ішкі өніміне және шет елден алған қарыздарының жиынтық сомасына тең екен). Маңдай термен тапқан байлықты, ұры-қарылар шет елге шығарып, зейнетін көргізіп, елде басы дауға қалып отыр. Абай айтқан ұят қайда, ар қайда?!

«Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой.
Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге?» [2, 81-82 б.]

Құрып бара жатқан елімізді, қазақтың қазаққа жау болып бара жатқанын Абай көріп тұрғандай, қандай даналықпен айтады. Және аталық ақылмен ұрлама, алдама дейді. Дана ақын ақсақалдық танытып «Бір дәурен кемді күнге - бозбалалық» өлеңінде жастарды оқуға шақырған, ал егер өмірде ондай мүмкіндік болмаса, адал еңбекпен айналысып өмір сүру қажеттілігін айтқан ақыл кеңесіне көңіл бөлсек:

«...Жастықта бір күлгенің – бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,

Ең болмаса еңбекпен мал табалық» деп жастарды жеңіл жүрістен аулақ болып, өнерің жоқ болса, еңбек етпесең соңы бишаралыққа алып келетінін айтады. Бүгін қаншама жастар ертеңін ойламай жастығына сүйеніп, құдай берген күнін босқа өткізіп жүргенін білмесе осы Абай жазған бір шумақты білсе, оқыса бәлкім өмірге басқа көзбен қарар ма еді?!

Абай қандай керемет ойларды айтады: біріншіден, дәулет, байлықты дұрыс пайдалана алмасаң адамды бұзады, пайдасынан зияны көп болады; екіншіден білім мен ғылымды жамандыққа пайдалансаң тек жеке адамға ғана емес бүкіл

адамзатқа тигізетін залалы өте үлкен; үшіншіден олардың өлшемі бар одан асса зиян болады адамға да қоғамға да! Абай Ислам хадистерінде адамдардың тауарларды үнемдеп тұтынуын ауқатты, тұрмыс жағдайы жоғары байлардың өз байлығымен бөлісуге дайын болуды үйретеді деп жазады. Қоғамдық қатынастарды жетілдіру үшін Абай материалдық құндылықтарға деген осындай қатынасты тәрбиелеу арқылы қол жеткізу мүмкін дейді. Егер, тауарлар мен қолда бар басқа да байлықтарды иемдену жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерге негізделген болса және олар әділетті бөлінсе қоғамда әлеуметті теңдік қалыптасатынын ұлы Абай өзінің еңбектерінде өте көп жазған. Бұл туралы 38-ші қара сөзінде дана ағартушы мынаны көрсетеді: «Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса - өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол - құданың жолы.» [1, 58 б.].

Абай Құнанбайұлы өзінің көптеген өлеңдерінде қазіргі экономикалық жүйе жағдайында өмір сүріп отырған қазақтардың едәуір бөлігінің еңбек ете отырып табыс табу немесе сыйақы алудың жалғыз көзі екенін және адал еңбек ете отырып табыс табу қажеттілігін айтады. Осы мәселе туралы, бүгінгі таңда да мәні мен маңызын жоймаған, керісінше жаңғырып, қазақ халқына жолын тауып, жауабын беріңдер да, жақсы өмір сүріңдер деп тұрғандай. Абайдың қарттық туралы, ол кезеңде пайда болатын қайғы ойлау мен ұйқының сергектігіне байланысты жазған өлеңіне көңіл бөлсек:

«...Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.

Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,

Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек?» [2, 29 б.]

Қазіргі біздің қоғамда байды мақтау, соған жағамын деп, байлыққа бойсыну елең алып барады? Бірақ, сондай адамдар Абайдың осы өлең сөзін оқып ойланды ма екен? Ия, бай болу, қуатты, тұрмыс жағдайы жоғары болу айып емес. Бірақ, мәселе сол байлықтың келуі мен қорлануы емес ба? Не бәрі егемен алған еліміздің отыз жылдан астам уақытында миллиард немесе миллиондаған АҚШ долларын жинап табыс табу мүмкін бе? Экономикасы дамыған мемлекеттердің экономикалық тарихына үңілсек, бүгінгі миллионерлердің капиталының қалыптасуы бірнеше ғасырларға жалғасып жатыр екен. Тіптен, экономикалық әдісті пайдалана отырып, капиталдың қорлану нормасын да шығаруға болады. Қазақстанның нақты экономикалық тәжірибесі отыздан астам жылда адал еңбекпен миллиондаған байлықтың жүздеген адамдардың қолына жинақтауының мүмкін емес екенін көрсетеді. Яғни, адал жүрмек, мал таппақ халыққа ғана тән болып, бүгінгі қазақстанның байларына тән болмай отыр. Бірақ, олар адал еңбекпен келмеген байлықтың, құмға сіңген судай болып тез, бір күнде жоқ болатынын ұмытпауы керек. Абай осыны ескертеді.

«...Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп,
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.

Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?»

Абай бүгінгі күнімізді көріп тұрғандай... Немесе айтыңызшы оқырман, кім бүгін пара алмай жатыр? Қарапайым саудагер, қолынан келсе кәсіпкер, елді емдейтін дәрігер, жастарға білім беретін оқытушы мен мұғалім, адамның қауіпсіздігін қорғайтын заң қызметкерлері: полиция, сот, прокурор; әртістер мен әншілер, әкім мен министрлер, аузың барып айтпайтын Президенттердің пара алмағаны бар ма? Ұсталып, сотталып жатқаны қанша болса, әзірше «белгісіз» парақорлар қаншама? Абай көріп тұрғандай, тіріліп келсе осы сөздерін қайта айтар ма еді:

«Атаны бала аңиды, ағаны – іні,
Ит қорлық немене екен сүйткен күні?
Арын сатқан мал үшін антұрғанның
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.
Алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып.
Мал мен бақтың кеселі ұя бұзар,

Паруардигер жаратқан несін жан қып!...» [2, 31-32 б]. Айтарға сөз жоқ!

Дана ағартушы сонымен қатар белгілі бір жетістікке жетіп, жалқаулыққа беріліп жұмыс істегісі келмей қалатын адамдарды да қатты сынайды:

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой» [2, 82 б.].

Әрі қарай, ол замандастарына осындай – адал емес жолмен баюға деген ұмтылыстың зиян екені туралы ойын былай жазады: «Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы - сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы қайыршылыққа түседі.» [2, 218 б.].

Дана ағартушының «Өнер алды - бірлік, ырыс алды - тірлік» деген мақалына қатысты ойларын талдай отырып, біз оның пікірі бойынша өмірдің мәні адал еңбек деп түсінгенін анықтадық. Ал, ұлы Абай осы мақалда айтылған бірлікті қалай түсіндіреді? Ол туралы ақын былай жазады: «бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес.» [2, 212 б]. Қандай тура және данышпан ой. Осы Абайдың сөзін бүгінгі заманда қалай түсіну керек? Біздің ойымызша, нарық экономика жағдайында әсіресе, бүгін Қазақстанның «жабайы» экономика жағдайында шаруашылық қатынастарда жеке экономикалық мүдде, оны

қанағаттандыру бірінші кезекте тұрғаны мәлім. Мұндай жағдайдың экономикалық заңдарға негізделген заңдылық екенін дамыған мемлекеттердің 17, 18, 19, тіптен 20-шы ғасырға дейінгі экономикалық тарихы көрсетті. Осындай экономикалық эгоистік қоғамда, әр бір «экономикалық адам» өзінің жеке меншікке негізделген шаруашылығын ойлап отырған заманда не бірлік болмақ? Бірлік әр түрлі меншікке негізделген шаруашылықты жүргізетін тұлғалардың бірлігімен анықталуы тиіс. Әр бір адам өзінің жеке экономикалық мүддесін қанағаттандыра отырып қоғамға, халыққа қызмет жасауы тиіс. Осындай психология әрбір адамда қалыптасса, қоғамдағы байлардың да, кедейлердің де мүдделері бірін бірі толықтырып, бірлеседі. Бүгінгі таңдағы ұлы Абайдың айтқан ақылға бірлігі осы.

Абай Құнанбайұлы материалдық құндылықтарға адал еңбекпен қол жеткізу мен жинақтаудың тәрбиелік маңызын атап, оның қоғамдық қатынастарды жетілдіру жолындағы маңызын көрсетеді. Егер, оларды иемдену бір жағынан жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерді көрсетсе, екінші жағынан олардың салыстырмалы түрде біркелкі бөлінуі әлеуметтік әділеттікті көрсетеді. Абай, кез келген адам адал еңбекпен байлықты иемденсе ол оның мәртебесі, білімі мен кәсіпкерлік қабілетінің көрінісі деп есептейді. Сондай-ақ, Абай бай болу адамның ойлары мен іс-әрекеттерінің, жалпы білімінің басқаларға қарағанда артықшылығын көрсететінін, сондықтан да адал еңбектің нәтижесінде бай болу адамгершілікке жататынына сенімді. Ақын ойын адамның байлыққа ұмтылуы - жоғары ізгіліктің көрінісі ал, рухани кемелділікке қол жеткізу үшін адам бостандыққа, егемендікке ие болуы қажет деп түйіндейді. Дана ағартушы осы ойларын 38-ші қара сөзінде жазады: «Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егерде адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады» [2, 252 б.]. Абай байлардың байлық үшін қулық сұмдыққа, ластыққа да баратынын айтады. Бірақ олардың қара халыққа берері жоқ екенін, халықтың ішінен арлы, ақылды және ақпейіл адам шықса да мақтаны болмайтынын ашына жазып, шын мәнісінде адамды адами қасиетке лайық деп санайтын және соған байланысты оның адами капиталын барынша дамыта түсетін үш-ақ нәрсе бар екенін тамаша айтады. Олар: «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Ал, бүгін ше, бүгін? Байлар байып, кедей кедейлене түсуде, олардың әлеуметтік жағдайларының арасы алшақтап барады. Байлар дүниеге құнығып, кедейлер күн көру қамын ойлап қазақ күнін өткізуде. Абай айтқан адамшылыққа және адами капиталға тән: ыстық қайратты, нұрлы ақылды, жылы жүректі кім ойласын?!

Қазаққа бүгінде керегі осы емес па? Әлде заман өзгермеді ма, жоқ қазақ алға баспай, табандап қалды ма? Қызмет сатылса, сатып алған қызметке қол жеткізген адам халықты ойласын ба? Аңдығаны қол астындағы қызметкерлер, қайтсем шығарған ақшамды қайтарам, кімді ұстап, кімнен пара алам болмайды ма? Сонда елін, жерін сүйетін азаматтар қазақ даласында жоқ па? Бар шығар, тіптен көп болар. Мәселе соларды елдің ішінен бөлектеп алып, шығару болар. Олай болса соның жолын табу керек. Мүмкін сайлау керек шығар, кім білсін...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай. Книга слов / Абай. Записки забытого / Шакарим; Пер с каз. К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева. – Алматы, 1993. – 128 с.
2. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қара сөздер. Жоба жетекшісі «Атамұра» корпорациясының президенті Р.А.Құл-Мұхаммед. - Алматы: Атамұра, 2014. -200с.

ӘОЖ 334.7.012

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Нұржан Қымбат Нұртілеуқызы

kimbatnk@mail.ru

Экономика мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.М.Бержанова

Ақмола облысы Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан. Облыс аумағы мемлекет аумағының 5,4% құрайды. Облыс 4 өңірмен – Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарымен шектеседі.

Облыстың құрамына облыстық маңызы бар 3 қала (Көкшетау, Степногорск, Қосшы) және облыстық маңызы бар 17 аудан, 8 шағын қала (Ақкөл, Атбасар, Державинск, Ерейментау, Есіл, Макинск, Степняк, Щучинск), 590 ауылдық елді мекен кіреді [1].

Ақмола облысы Қазақстанның агроөнеркәсіптік өңірі болып табылады. Аймақтың экономикалық мамандануы – ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік өндіріс.

Облыс экономикасында тауар айналымы мен көліктен басқа құлдырау байқалмады, бұл төтенше жағдай мен карантиндік шаралардың енгізілуіне, өңірлер арасындағы көлік қозғалысының шектелуіне байланысты болды. Бүгінгі таңда осы салалар бойынша жағдайдың біртіндеп жақсаруы байқалады. Тоқталып кететін болсақ, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 6,6%-ға, ауыл шаруашылығы 12,8%-ға, негізгі капиталға инвестициялар 26,3%-ға, құрылыс жұмыстары 22,3%-ға, тұрғын үйді пайдалануға беру 7,4%-ға өсті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштері бойынша мемлекеттің елеулі қолдауының, дағдарысқа қарсы қабылданған жоспардың және экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі жоспардың арқасында оң нәтижелерге қол жеткізілді. Облыс 2020 жылдың соңында ел бойынша көшбасшылар қатарында болды [2].

Ақмола облысында шағын және орта бизнесті қолдауға көп көңіл бөлінеді. Осы мақсатта өңірде «Бизнестің жол картасы-2025» және нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған